

ХВҚ басшысы Қазақстанға келеді

Халықаралық валюта қорының Басқарушы директоры Кристин Лагард Астана экономикалық форумының (АЭФ) шеңберінде ХВҚ-ның Өңірлік конференциясына қатысу үшін келесі аптада Қазақстанға келеді. Бұл туралы бүгін журналистерге ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғалымжан Пірматов хабарлады.

«АЭФ-ке орайластырылған ХВҚ-ның Өңірлік конференциясы 24 мамырда Астана қаласында жабық дөңгелек үстел форматында өтеді. Конференцияға қатысушылар ретінде Орталық Азия, Кавказ, Еуразия өңірінің елдері экономикалық блогының бірінші басшылары сөз сөйлейді», - деді Ғ.Пірматов.

Оның сөзінше, конференция барысында өңірдің ағымдағы экономикалық жағдайын және ортамерзімді перспективада орнықты өсуге жәрдемдесуді талқылау жоспарланған.

Еске сала кетсек, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу және қорға мүше елдерге практикалық көмек көрсету ХВҚ-ның негізгі мақсаты болып табылады.

Қазақстан ХВҚ-дан қаржылай қарыз алуды жоспарлап отырған жоқ – Ұлттық Банк

ХВҚ-ның Басқарушы директоры Кристин Лагардтың Астана экономикалық форумына сәйкес өткізілетін ХВҚ Өңірлік конференциясына қатысуы оның сапарының негізгі мақсаты болып табылады. Бұл жайлы бүгін журналистерге ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғалымжан Пірматов хабарлады.

Қаржы реттеушісінің өкілі осы іс-шараны біздің елімізде және осылайша жоғары деңгейде өткізу ХВҚ-ның Қазақстанды экономикалық

реформаларды жүргізуде және өңірдегі қаржылық тұрақтылықты сақтауда көшбасшылардың бірі деп мойындайтындығын білдіреді деп атап өтті.

Ол Қазақстанның ХВҚ тарапынан қаржылай қарыз алуды жоспарлап отырмағандығын атап өтті. Алайда техникалық көмекті алу шеңберінде ынтымақтастықты жалғастырады. Мәселен, Ғ.Пірматовтың айтуынша, 2014 жылы ҚР Ұлттық Банкі ХВҚ-ға инфляциялық таргеттеу режиміне көшу шеңберінде техникалық көмек көрсету, атап айтқанда ақша-кредит саясатының құралдарын пайдалану және талдау мен болжау жүйелерін жақсарту мәселелері бойынша өтініш білдірген.

«ХВҚ миссиясына ақша-кредит саясатын талдауда тәжірибесі бар әртүрлі орталық банктердің өкілдері кіреді. Практикалық тұрғыдан олардың консультацияларының маңызы зор және біз оларды жоғары бағалаймыз. Ақша-кредит саясаты бойынша шешімдер қабылдауда қолда бар болжамдау және талдау жүйесін жетілдіру мақсатында бұдан әрі де ынтымақтасуға дайынбыз», - деді Ғ.Пірматов.

ХВҚ өңірлік конференциясының 24 мамырда Астана қаласында жабық дөңгелек үстел форматында өтетінін, оған қатысу үшін Оралық Азия, Кавказ, Еуразиялық өңір елдерінің экономикалық тобының бірінші басшылары шақырылғанын еске саламыз. Конференция барысында өңірдегі ағымдағы экономикалық жағдайды және ортамерзімді перспективада тұрақты өсуге жәрдемдесуді талқылау жоспарланып отыр.

Ұлттық Банктің өкілі ХВҚ-ның жарғылық капиталындағы квотаны ұлғайтудың артықшылықтары туралы айтты

Қазақстан Халықаралық валюта қорындағы позициясын күшейтуде. Ол туралы бүгін ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғалымжан Пірматов хабарлады. Жария етілген деректерге сәйкес Қазақстанның ХВҚ жарғылық капиталындағы үлесі 2015 жылы 365, 7 млн. СДР-дан 1 158, 4 млн. СДР-ға дейін ұлғайды.

Ғ.Пірмагов атап өткендей, жалпы алғанда Қазақстан Республикасының ХВҚ-дағы квотасын ұлғайту Қазақстанның позициясын, оның ішінде ХВҚ-ның құрылымдарында дауыс беру кезінде күшейтеді. «Бұл сонымен қоса ХВҚ-ның Қазақстан Республикасына техникалық көмек көрсетуі бойынша едәуір мүмкіндіктерді береді», - деп қосты қаржылық реттеуші орынбасары.

Қазақстанның Ұлттық Банкінде ХВҚ-мен ынтымақтастық туралы айтылды

ХВҚ-мен ынтымақтастықтың маңызды бағдарламалары туралы бүгін ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғалымжан Пірмагов әңгімеледі.

«ХВҚ Қазақстанмен өте тығыз және сындарлы өзара қарым-қатынасты 20 жылдан аса қолдап келеді. ХВҚ-мен жыл сайын жүйелі түрде консультациялар өткізіледі. Қазақстан мәселелердің ауқымды тобы бойынша, оның ішінде фискалдық және ақша-кредит саясатын, сондай-ақ операциялық саясатты жетілдіру, қаржылық тұрақтылық тетіктерін нығайту, сондай-ақ макроэкономикалық статистиканы жақсарту саласында ХВҚ-дан техникалық көмекті және талдау жұмыстарын алушы болды», - деп хабарлады Ғ.Пірмагов. Оның айтуынша, Қаржы секторының тұрақтылығын бағалаудың бірнеше бағдарламасы іске асырылды, соңғысы 2014 жылы аяқталды.

«ХВҚ қаржы саясатын әзірлеу кезінде консультациялар және техникалық көмек беру арқылы Қазақстанды қолдауға дайын», - деп түйіндеді Ғ.Пірмагов.

Ұлттық Банк ақша-кредит саясатын әзірлеген кезде ХВҚ болжамдарын ескерді

ХВҚ және Қазақстан Үкіметінің 2016 жылға арналған болжамдарын салыстыруға болады. ҚР Ұлттық Банкі 2016 жылға арналған ақша-кредит

саясатын әзірлеген кезде осы деректерді ескерді. Бұл жөнінде бүгін ведомство басшысының орынбасары Ғалымжан Пірматов хабарлады.

Ол ХВҚ өзінің World Economic Outlook есебінде 2016 жылы Қазақстан экономикасының өсу болжамын 2,2%-дан 0,1%-ға дейін төмендеткенін еске салды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамына сәйкес 2016 жылға ІЖӨ-нің өсуі 2,1%-дан 0,5%-ға дейін қайта қаралды.

«Жалпы алғанда, ақша-кредит саясаты бойынша, атап айтқанда базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер қабылдаған кезде ішкі аспектілер (инфляция үшін тәуекелдер, қаржылық тұрақтылық үшін тәуекелдер, экономиканы долларландыру деңгейі), сондай-ақ сыртқы факторлар (мұнайдың әлемдік бағасы, айырбастау бағамдары және сауда әріптес елдердегі жағдайлар) да ескеріледі. Сыртқы экономикалық ахуалды бағалау үшін халықаралық ұйымдар, оның ішінде ХВҚ, Дүниежүзілік Банк жариялайтын болжамдар ескеріледі», - деп түсіндірді Ғ. Пірматов.

Бұл ретте, оның айтуынша, елдегі экономикалық ахуалға сыртқы факторлардың айтарлықтай ықпалына болжамды раундтар жүргізген кезде ХВҚ болжамдарының маңызды рөлі себеп болды, бұлар Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер қабылдауға негіз болады.